



## АУДАНДА ОРАҚ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛДЫ

Кеңес барысында егін жинау жұмыстарының аяқталу барысы туралы, салық шегінде бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру және ауданның елді мекендерін сумен жабдықтау туралы сұрақтар қаралды.

Алғашқы болып ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Әлібай Құсайынов баяндама жасап, аудан бойынша 332,1 мың га алқаптан дәнді және бұршақты дақылдар орылғанын жеткізді.

- Жалпы биыл 332,1 мың гектардан 614,5 мың тонна астық бастырылып, орташа өнімділік гектарына 18,5 центнерді құрады. Ал майлы дақылдардың 68,1 мың га аумағынан 66,0 мың тонна өнім жиналып, орташа шығымдылық гектарына 9,6 центнерді құрады.

Барлық агротехникалық талаптарды сақтай отырып, «Писаревское Агро» ЖШС, «Ногайбай» ЖШС, «Акса Север» ЖШС, «Альжан Жуан» ЖШС, «Жетісу Жер» ЖШС және басқа да шаруашылықтар жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Ал ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясы бойынша барлық қажетті талаптарды толық сақтайтын, минералды тыңайтқыштар мен тұқымдарды үнемідейтін «Куломзино» ШҚ, «Салахаддин» ЖШС, «ТДС Агро» ЖШС, «Бишульская птицефабрика» ЖШС, «Алуа» ФҚ сияқты шаруашылықтар төмен нәтиже көрсетті.

Жалпы күз кезінде 300,0 мың га алқапта сүдігер жыртылып, ол жоспарға сай 100% құрады.

Бүгінгі күні аудан элеваторлары 89213 тонна астық қабылдады, оның ішінде бидай - 77873 тонна, соның ішінде 3-сыныпты бидай - 26384 тонна; 4-сыныпты - 45310 тонна; 5-сыныпты - 2956,8 тонна; сыныптан тыс - 3221,7 тонна. Қамбаға 11341 тонна арпа түсті. Элеваторлардың жалпы жүктемесі 46,6% немесе 151,8 мың тоннаны құрайды, оның ішінде «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ бойынша - 62,6 мың тонна (19,2 %).

Элеваторларға 14,5% дейін ылғалдылық бойынша - 6983,01 тонна; 14,6-17 % дейін - 20634,63 тонна; 17,1-20% дейін - 42983,54 тонна; 20%-дан жоғары - 11671,64 тонна астық түсті.

Келесі жылға 48,1 мың тонна дәнді дақылдар тұқымы өзірленсе, майлы дақылдардың 135 тоннасы қоймаға құйылған.

Биыл өзірленген шөптің көлемі - 82,1 мың тонна немесе 134,0 % (жоспар - 61,3 мың тонна), пішіндеме - 38,5 мың тонна немесе 202,3 % (жоспар - 19,0 мың тонна), сүрлен - 70,3 мың тонна немесе 291,7 % (жоспар - 22,6 мың тонна). Халықты шөппен қамтамасыз ету - 100% немесе 25,1 мың тоннаны құрайды, жоспар бойынша 25,1 мың тонна. Ауданда жем-шөп дайындау



6 қараша күні аудан әкімі Рахат Смағұлов аудан әкімдігінің мәжіліс залында аппараттық кеңес өткізіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

жалғасуда.

Жер қатынастары бөлімінің мәліметінше, ауданда 17 957 пай алушылар бар. Қазір пайларды беру жұмыстары басталып, бүгінгі таңда ақшалай түрде 106 пай алушыға дивидендтер жалпы сомасы - 3 180 000 теңгеге берілді. - деді Әлібай Нұрбайұлы.

Екінші сұрақ бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз алып, 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ауданның жергілікті бюджетіне 2774,9 млн. теңге жеке табыс түскенін жеткізді.

- Облыстық бюджетке 1 221,4 млн. теңге түсті, бұл жоспардың 100%-ын құрады. Аудандық бюджетке 1 553,5 млн. теңге түсті, бұл жоспардың 114,7%-ын құрады. Болжамнан тыс 199,4 млн. теңге түсті. Оның ішінде ЖББ: жоспар 157,2 млн. теңгені құраса, орындалуы 270,2 млн. теңгені, асыра орындалуы 113,0 млн. теңгені немесе 171,9%-ды құрады. Ауданның 2024 жылға арналған меншікті кірісінің жылдық жоспары 2 000,6 млн. теңгені құрады.

қамтамасыз етуді «Есіл су» РМК Булаев магистральдық су құбыры басқармасы жүзеге асырады, оның ұзындығы 570,16 шақырым және тарату желісі 420,1 км құрайды. 63 елді мекеннің ішінен 62 елді мекен орталықтандырылған сумен жабдықтауды пайдаланады, тек Камышолово ауылында су бұрудың апатылығына байланысты су берілмейді, тұрғындар суды жергілікті су көздерінен пайдаланады (1 аула).

Булаев қаласы бойынша «Булаев Су» ЖШС су беру тарифі: жеке тұлғалар үшін - 144 теңге, занды тұлғалар үшін -1109 теңге. Абоненттер саны - 3083, оның ішінде НПС кенті - 190, желілерге қосылғандар саны - 1846.

Ағымдағы жылы сумен жабдықтауды жөндеуге 550 671,0 мың теңге бөлінді: облыстық бюджеттен 519 171,0 мың теңге (8 елді мекен), аудандық бюджеттен 23,1 млн. теңге (8 елді мекен).

2025 жылға 205 777,0 мың теңгеге «Қарақаға ауылында қолданыстағы желілердің тарату құдығына дейін магистральдық су құбыры құрылысы бар су құбыры сорғы станциясын, таза су резервуарларын күрделі жөндеу» бюджеттік өтінім берілді, жобаны іске асыруға мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды, өтінім 7 қарашаға дейін талқыланады, өтінімдерді қабылдау шамамен 25.11.2024 жылға дейін.

«Успенка ауылында су құбыры құрылыстарының алаңын салу» (жобалаушы «АстанаБитСервис ЛТД» ЖШС) «Булаев топтық су құбырына қосылған ауылдық елді мекендердің су құбырлары мен бұрмаларының тарату желілерін реконструкциялау» жобалық-сметалық құжаттамасы бар, жоба сомасы 216,0989 млн. теңге, жобаны іске асыруға конкурстық рәсімдерді өткізу үшін мемлекеттік сатып алулар басқармасына өтінім жолданды.

Сараптамадан өту сатысында Придорожное («Концерн Ай-Су») ЖШС жобалаушысы), Золотая Нива және Пролетарка («Асад-ЛТД») ЖШС жобалаушысы) ауылдарында сумен жабдықтауды жөндеу бойынша жобалар үшін шарттардың сомасы 12 440,0 мың теңгені құрайды, деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Кеңес соңында Рахат Назымбекұлы талқыланған барлық сұрақтар маңызды екеніне тоқталып, жоспарланған және жұмыстар жүргізіліп жатқан жобаларды ұдайы бақылауда ұстау қажеттігін айтты. Аудан басшысы жиынды қорытындылай келе, тиісті мекеме басшыларына келесі жылға жоспарланған сумен жабдықтау, жол жөндеу, абаттандыру сияқты жөндеу жұмыстарын қамтитын өртүрлі жобалар бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

Ерван ТӨЛЕГЕН.

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМӨҢКЕ

## ЖӘРМӨҢКЕДЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ НАРЫҚТАҒЫ БАҒАДАН 15-20 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕН БОЛДЫ

3 қараша күні ауданымызда ерекше азық-түлік жәрмеңкесі болып өтті. Бұл күні алаңда киіз үйлер тұрғызылып, аудан тұрғындарына арнап тегін палуа, бауырсақ, ыстық шай мен тәттілер таратылса, вокзалдың маңында тұрғындар үшін қызықты көрмелер ұйымдастырылып, халық жылқы, қоян, ешкі және басқа да жануарларды тамашалауға мүмкіндік алды. Сондай-ақ аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен асық ату және қол күрес жарыстары ұйымдастырылды.

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан жиылған жұрттың қарасы көп болды. Мәселен, жәрмеңкеде Булаев қаласының вокзал маңындағы алаңында ауылдық округтердің, ауданның ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының, сондай-ақ Булаев қаласының жеке кәсіпкерлерінің ауыл шаруашылық өнімдері сатылды.

Жәрмеңке барысында қала тұрғындары үшін ет және сүт өнімдері, көкөністер мен жәрма, жұмыртқа, бал және күнбағыс майы, жем, шөп, отын нарықтық бағадан 15-20 % төмен бағамен сатылды. Бұл өрине, келген халықтың көңілінен шығып, жұртшылық өздеріне қажетті тау-

арларды арзан бағамен сатып алып, ұйымдастырушыларға ыстық ықыласын білдіріп жатты. Атап айтуды керек, бұл күні аудан әкімі Рахат Смағұлов та жәрмеңкеге қатысып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы мен сапасына назар аударды. Ал аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары болса, келген жұртшылыққа концерттік бағдарлама ұсынып, көтеріңкі көңіл құй сыйлады.

Иә, мұндай жәрмеңкелер Булаев қаласында жылына бірнеше рет өткізіліп, қала тұрғындарының азық-түлік және шаруашылыққа қажет жем, шөп сияқты тауарларды қолжетімді бағамен сатып алуына ықпал етеді.







8 ҚАРАША - СТАТИСТИКА КҮНІ



**8 қарашада - Қазақстанның статистика саласының мамандары кәсіби мерекелерін атап өтеді. Еліміздегі атаулы датаның тарихы 1920 жылғы 8 қарашадан басталады. Қазақ АКСР үкіметі Қазақстандағы бірінші ерталықтанған статистика жүйесінің бастауы болған «Қаз.АКСР-дегі мемстатистика туралы ережелі» қабылдағандықтан, осы күн еліміздің статистика саласы үшін тарихи дата ретінде белгіленіп, кәсіби мерекелердің қатарына енген.**

### ЖАУАНКЕРШІЛІГІ МӨЛІ МАМАН

Шын мәнінде статистика дегеніміз сандық көрсеткіштердің жиыны. Ол уақыт өткен сайын өзара байланыста өрқашан дамып, жетіп, толғынып отырады. Соған сәйкес мемлекетіміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму процесстері бойынша маңызды шешімдер қабылданады. Сонымен бірге, статистикалық сандық көрсеткіштерді қолданып, оған талдау жасау арқылы болашаққа, яғни белгілі бір кезеңге болашақ жасауға толық мүмкіндік туады. Демек, статистикада жай өншейін берілген құрғақ сандық көрсеткіштер емес, онда тек қана айқын, дәлелді, нақты сандық мәліметтер көрсетіледі. Мысалы, қанша халықтың тұратындығы, оның ішінде:

- еңбекке жарамдылары;
- дүниеге қанша сәби келіп, қанша адамның қайтыс болғаны;
- өнеркәсіп орындарының өндірген

өнімдері;  
- халықты күнделікті керекті тұтыну заттарымен қамтамасыз ету;  
- азық-түлік мөлшерінің қанша және қандай жағдайда екендігі;  
- олардың облыстарға, аудандарға қалай бөлінетіндерін біз, қарапайым халық, біліп отырғымыз келеді. Ендеше, ондай сұрақтарға толық жауапты тек статистика органдары арқылы ғана алуға болады.  
Бүгін біз кәсіби мерекеге орай, статистика саласында 23 жылдан артық қызмет етіп келе жатқан жетекші маман - Алтынай Абабаева жайында өңгімелесіп.  
Сандармен жұмыс істейтін салаға кейдейсоқ адам келмейтіні анық. Біздің кейіпкеріміз жастайынан зерек болып өсіп, өсіресе, санауға жүйрік болған екен. 1975 жылы 6 қаңтарда Рошино ауылында дүниеге келген Алтынай Есләмқызы ауылдық мектептің 9 сыныбын бітіріп, 10-11 сыныптарды Петропавл қаласындағы №1 мектеп-интернатта оқып, томамдаған.  
2001 жылы Көкшетау есең-экономикалық техникумын бітіріп, облыстық статистика департаментіне жұмысқа кіреді. Осы уақыттан бастап оның қызметтік жолы аталған саламен тығыз байланысты. Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде жоғары білім алған Алтынай Абабаева 2006 жылы туған ауданына оралып, қазіргі күнге дейін аудандық статистика басқармасында абыройлы еңбек етіп келеді.

2021 жылы 5 қарашада «Статистика үздігі» төсбелгісімен марапатталған Алтынай Есләмқызы статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес кәсіпорындар, ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы, энергетика, тауар нарықтары, көлік, байланыс, көрсеткіш қызмет, құрылымдық статистика бойынша алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу, статистикалық нысандар бойынша көрсеткіштерді бақылау, талдау және енгізу, сондай-ақ тұрғын үй қорының тіркелімін өзектендіру бойынша жұмыстарды ұйымдастырып өткізеді.  
Өзіне жүктелген міндеттерді уақытылы әрі нақты орындайтын Алтынай Абабаева өте жауапты маман. Ол көп жыл бойы бір ұжымда қалтқысыз қызмет етіп, үлкен беделге ие болған жан. Содан болар, өз ісіне адал маман Ұлттық экономика министрінің Құрмет грамотасымен, облыстық статистика департаменті мен аудан басшылығының Алғыс хаттарымен марапатталған.  
Иә, сала маманымен өңгімелесіп, статистикалық деректердің сапасы мен дәлдігі өте маңызды екендігін сезіндім. Өйткені, олар - жалпы ел және жеке аймақтар экономикасының жағдайын анықтайтын жалғыз ақпарат көзі болғандықтан статистикалық деректер әлеуметтік-экономикалық жағдайды нақты көрсетугі қажет. Респонденттер ұсынатын алғашқы деректердің шынайлығы - статистикалық

көрсеткіштер сапасын қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Сондықтан бұл үшін бірнеше бағыт бойынша жұмыстар атқарылуда, респонденттер үшін нұсқамалық материалдар әзірленуде, деректерді жинауда, оларды енгізу мен өңдеу де қателерге жол бермейтін заманауи технологиялар қолданылуда.  
Мәселен, өңделген «Онлайн» режимде деректерді жинау» ақпараттық жүйесі респонденттерге өз жұмыс орынан (ЭЦҚ болған жағдайда) бекітілген статистикалық нысандардың 90%-нан астамын электронды нұсқада тапсыруға мүмкіндік береді.  
Сондай-ақ соңғы уақытта ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты респонденттерді ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілерді пайдалануға ерекше көңіл аударылуда, бұл ретте «Facebook» және «Instagram» сияқты әлеуметтік желілерде департаменттің ресми аккаунттары тіркелген.  
Сөз соңында айтарым, белгілі бір нысан бойынша статистикалық есептілік тапсыратын барша респонденттер нақты деректер көрсетіп, оны уақытында ұсынуға мұқият болуға шақырамын. Ал статистика саласының барша қызметкерлері мен ардагерлерін тол мерекелерімен құттықтап, оларға мықты денсаулық, мол бақыт, еңбектеріне табыс, отбасыларына амандық пен береке тілеймін!

Еркін ТӨЛЕПЕН.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАСЫНА - 104 ЖЫЛ

Қазақстанның мемлекеттік статистикасы еліміздің тарихымен тығыз байланысты ұзақ қалыптасу жолын өтті.  
Ұлттық статистиканың бастауы алыс өткеннен бастау алады. Бірінші Қазақ мемлекеті - Қазақ хандығы туралы статистикалық мәліметтерге тарихи дәлелдер бар. Оның қалыптасуының басында (1459 жыл) Шу және Талас өзендерінің аңғарында (қазіргі Жамбыл облысының аумағында) халық саны 200 мың адамды құрады, ал XV ғасырдың аяғында 1 миллионға жетті.  
Қазақстан аумағында құрылған алғашқы ресми мемлекеттік статистикалық орган Түркістан губерниялық статкомитеті (құрылған күні - 1868 жылғы 22 қаңтар) және оған ведомстволық бағынатын Сырдария және Жетісу облыстарындағы статбюро болып табылады.  
1920 жылғы 26 тамызда Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы құрамында Қазақ Автономиялы Социалистік Республикасының құрылуымен Қазақ АКСР Үкіметі 1920 жылғы 8 қарашадағы қаулысымен «Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік статистикасы туралы ережелі» бекітті. Осылайша, Қазақстанның бірінші орталықтандырылған статистикалық органдарының құрылу күні 1920 жылғы 8 қараша деп есептеледі.

**8 қарашада статистика органдарының қызметкерлері кәсіби мерекесін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистикасының құрылуына 104 жыл толғанып атап өтеді.**



Бүгінде Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті облыстық мемлекеттік органдарын, іскер тонтары мен жұртшылығын өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы объективті статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі аса маңызды міндеттерді іске асырады, сондай-ақ облыс аумағында статистикалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың бақылау және қадағалау жөніндегі басқа да функцияларды жүзеге асырады.  
Мереке қарсаңында көптеген жылдар бойы заманауи есептеу құралдары мен жүйелерінің еңбек еткен ардагерлерімізді де құрметтеуге және оларға алғыс, құрмет сөздерін білдірмеуге болмайды. Барлық есептер қағаз түрінде ұсынылды және колмен өңделді, алдымен шоттар мен теле-

тайптар, кейінірек калькуляторлар және алғашқы компьютерлер болды.  
Бүгінгі таңда барлық дерлік мемлекеттік статистикалық есептілік Департаментке электронды түрде ұсынылады. Респонденттерге Ұлттық статистика бюросының конфункционалдық веб-порталы арқылы есептілікті онлайн режимінде қалыптастыру және ұсыну қолжетімді. Статистикалық деректерді ұсынудың электрондық нысанына қошу респонденттерге деген жүктемені айтарықтай азайтты, уақытты үнемдеуге, есептілікті базада сақтауға, арифметикалық және логикалық бақылауларды өз бетінше орындауға мүмкіндік берді.  
Ұлттық санақтарды жүргізу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылады. Мәселен, 2021 жылғы Ұлттық халық санағын және 2024 жылғы пилоттық ауыл

шаруашылығы санағын жүргізу кезінде ақпарат жинаудың 2 әдісі пайдаланылды: интервьюерлердің портативті есептеу құрылғылары (планшеттер) арқылы сұрау әдісі, Интернет желісін онлайн режимде пайдалана отырып, халықпен өз бетінше толтыру әдісі. Өз бетінше толтыру әдісі респонденттерге өздеріне ыңғайлы уақытта сұрақтарға жауап беруге, тексеру жүргізу кезінде томендетуге мүмкіндік берді. Планшеттерді пайдалану жеке деректердің қорғалуын арттырды.  
Ағымдағы жылы статистика органдары ЮНИСЕФ әзірлеген Халықаралық мультииндикаторлық кластерлік зерттеудің (MICS) 7 раундын өткізуде. Тек біздің облыста қараша айының соңына дейін 1500 үй шаруашылығына сауалнама жүргізіледі. Жиналған деректер әйелдер мен балалардың денсаулығы мен әл-ауқатын бағалауға, сондай-ақ

олардың дамуының негізгі көрсеткіштерін бойынша сенімді ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Статистика органдары аядағы жылдарға көптеген маңызды жұмыстар мен өзгерістерді жоспарлайды. Қазіргі уақытта Мемлекеттік статистика мен ұлттық деректер экожүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін және баламалы көздерді пайдалануға көшу жұмыстары жүргізілуде. Осы жұмыстың нәтижесінде статистикалық есептілік нысандарының саны қысқарады, нәтижесінде респонденттерге деген жүктеме азаяды деп күтіледі. Кез келген адам Тұжырымдамамен - ҚР СЖАУСБ сайтында (stat.gov.kz) орналастырылған ашық құжатпен Бастамалар бөлімінде таныса алады.  
Алдағы жылы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу жоспарланған. Ірі іс-шара ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын барлық заңды және жеке тұлғаларды қамтиды.  
Статистика қызметкерлері - белгілі бір көңіл күйі бар адамдар. Олар өз міндеттерін орындау кезінде үлкен жауапкершілік, ұқыптылық және дәлдік сияқты қасиеттермен ерекшеленеді. Олар сирек көзге көрінеді, бірақ еңбегінің нәтижелерін бәрі пайдаланып өткізеді.  
Солтүстік Қазақстан облысы Статистика департаментінің қызметкерлерін, сондай-ақ статистика ардагерлерін 104 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз. Еңбегіңіз үшін рахмет! Сізге және отбасыларыңызға денсаулық пен амандық тілейміз! Респонденттерімізге-заңды және жеке тұлғаларға келетін болсақ, статистика органдарымен одан әрі тығыз ынтымақтастық тілегіміз келеді, олардан артымақ және уақыты сенімді деректер болсын.  
**Жұлдыз НУРПАЛЫЕВА,**  
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

# КІТАПХАНАШЫЛАР ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТТАРЫН АЛДЫ



Қараша айының алғашқы күні аудандық Мәдениет үйінде білім нәрімен ауданымыздың тұрғындарын сусындатып жүрген кітапханашылар күні аталып өтті.

Бұл іс-шараға аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Еркінқызы, ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары Серік Ысқақов, аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Серік Жұмағұлов, аудандық орталықтандырылған кітапхана директорының м.а. Сандуғаш Бекішова қатысып, ауданымызға елеулі қызмет етіп

Кітапхана – білім мен мәдениет сақталатын орын болса, кітапханашылардың ерен еңбегі Қазақстан азаматтарына білім мен рухани құндылықтарға қол жеткізуге көмектеседі. Елімізде 12 мыңға жуық кітапхана бар, олардың 4 мыңға жуығы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағында. Аталған кітапханаларда 9,5 мыңнан астам кітапханашы 73 миллионға жуық кітапты сақтаумен айналысады. 2020-2024 жылдар аралығында көпшілік кітапхана пайдаланушыларының саны 3 миллионнан 5 миллионға өсті. Электронды кітаптар мен құжаттарға жыл сайын өлемнің 110 өлінің пайдаланушылары жүгінеді.

жүрген барша кітапханашыларды кәсіби мерекесімен құттықтады.

Мерекеде мағжандық кітапханашылар кітап оқу мәдениетінің қалыптастырудағы ерен еңбектері үшін және кітапхана сала-

сында адал қызмет атқарғаны үшін Алғыс хаттармен, әр түрлі номинациялар бойынша Бірқатар дипломдармен марапатталды.

Мереке иелері үшін аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері концерттік бағдарлама

ұсынып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ал кеш соңында барлығы естелікке суретке түсіп, маз-мәйрам болып тарасты.

Кітапханашы күні – бұл сала қызметкерлерінің ғана мерекесі емес, ол оқырмандардың да мерекесі. Кітапханалар – ғасырлар бойы келе жатқан биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Олар оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы кітапханашылар.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

### 10 ҚАРАША КҮНІ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТЕДІ



**Жәрмеңгі қалалықтар!**  
*Өздерді 10 қараша күні өтетін кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне қатысуға шақырамыз.*  
**Жәрмеңкені ұйымдастырушылар - Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі.**  
**Жәрмеңке тесіржел алаңының жағалауындағы алаңда сағат 10.00-де басталады.**  
**Сатылымда: ет, сүт, жұмыртқа, көкөніс, бал, жергілікті тауар өндірушілердің астық қалдықтары, жеке қасалық шаруашылық иелерінің өнімдері және стын бастады.**

## СПОРТ

### ФУТЗАЛДАН «JANA URPAQ» ТУРНИРИНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



Өткен аптада ауданымыздағы Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия мен Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп базасында 1-4 сынып оқушылары арасында Футзалдан «Jana Urpaq» атты дәстүрлі турнир болып өтті.

Бұл күні ауданымыздың 11 мектебінен келген жас спортшылар кубок пен жүлделі орындар үшін бақ сынасты.

Тартысқа толы жарыстың қорытындысы бойынша Возвышенка ОМ спортшылары (жаттықтырушысы - Илья Ларин) қола жүлдегер атанса, Мағжан Жұмабаев атындағы ОМ оқушылары (жаттықтырушысы - Үсен Өстеміров) күміс медальды жеңіп алды. Ал Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының ұлдары (жаттықтырушысы - Асхат Мөкенов) бас жүлде - кубок пен алтын медальдардың иегерлері атанды.

## «ЖАС БАРЫС» ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРИ

28-30 қазан күндері Қызылжар ауданының Бескөл ауылында 2007-2008 жылы туған жасөспірімдер және 2009-2010 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында «Жас Барыс» облыстық турнирі болып өтті.

Бұл дода «Жас Барыс» Республикалық турниріне іріктеу болды. Аталмыш жарыста ауданымыздың намысын қорғаған 11 жасөспірімнің 6-уы жүлделі орындарға ие болды.

Жетістіктерге тоқталып кетсек, 2009-2010 ж.т. кіші жасөспірімдер арасында бақ сынасқан 38 кг салмақта Шахбозұлы Әділет пен 42 кг салмақта Қалдыров Жарас чемпион атанса, осы салмақта өнер көрсеткен Әміржан Даниал мен Сәрсенбай Айдын 3-ші орындарды иеленді. 46 кг салмақта Сағдиев Мәулен қола жүлдені жеңіп алды.

2007-2008 ж.т. жасөспірімдер арасында 70 кг салмақта белдескен Рабдулин Тамерлан да 3 орынға ие болды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жақсы нәтижелерімен құттықтап, алдағы уақытта тек қана бікке ұмтылып, алар асулары көп болсын дейміз!

Амангелді БӨКІРОВ,

Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің дене шынықтыру жөнінің мұғалімі.

## 6 БАЛУАН ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРҒА ИЕ БОЛДЫ







Дүйсенбі, 11 қараша	Сейсенбі, 12 қараша	Сәрсенбі, 13 қараша	Бейсенбі, 14 қараша	Жұма, 15 қараша	Сенбі, 16 қараша	Жексенбі, 17 қараша
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 04.15 «ИЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSNOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.25, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АПТА. 15.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.35 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 02.45 «ҚОС ПАЛАТА». 14.35, 04.35 «АҚСАУЫТ». 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 05.15 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.45 АҚПАРАТ. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 04.15 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.55, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.20 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 00.15 АТАМЕКЕН. 00.35 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TANSNOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.40 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АТАМЕКЕН. 14.35, 05.10 ҚАРАПАЙЫМ ЭКОНОМКА. 15.00 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 02.45 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 00.35 ФУТБОЛ. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.00 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 02.45 АҚПАРАТ. 07.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 07.50 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.00, 03.45 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00, 20.25 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮПІ. 14.20 ДАРА БАЛА. 15.40 М/Ф. 17.20, 03.05 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 03.25 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.00 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «ҚАРА ТАҢБА», Х/Ф. 00.35 ФУТБОЛ. 04.35 АТАМЕКЕН.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «АУЫЛДАСТАР». 06.35 «ДӨУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 07.25 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 08.20 М/Ф. 09.40 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮПІ». 14.10, 03.50 АТАМЕКЕН. 14.40 «СТУДЕНТТЕР КҮНІ». 14.55 ҚОНЦЕРТ. 17.20, 04.20 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 02.45 АПТА. 20.50, 03.35 АҚОРДА. 21.00 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «ҚАРА ТАҢБА», Х/Ф. 00.35 ФУТБОЛ. 04.50 «КҮМІС КӨМЕЙ».	

Дүйсенбі, 11 қараша	Сейсенбі, 12 қараша	Сәрсенбі, 13 қараша	Бейсенбі, 14 қараша	Жұма, 15 қараша	Сенбі, 16 қараша	Жексенбі, 17 қараша
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «МӨДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 БЕЗДЦ НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «МӨДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «МӨДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «МӨДЕНИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 PRESIDENT. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «СОЛНЕЧНЫЙ НОЯБРЬ». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 21.45 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Д/Ф. 15.40 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҒАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР». 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 ҚОНЦЕРТ. 08.30 ӨЗ ЕЛІМ. 09.05 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.35 НЕОСЕТЬ. 10.00 «АСТЕРИКС: ЗЕМЛЯ БОГОВ», Х/Ф. 11.20 М/Ф. 12.00, 21.45 Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 «МНОГОДЕДНЫЙ», Х/Ф. 17.00 ТАМАША. 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 ОЙНАІҚ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 ҚОНЦЕРТ. 08.30 ЖЕРҮЙЫҚ. 09.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.40 М/Ф «АСТЕРИКС И ТАЙНОЕ ЗЕЛЬЕ». 12.00, 21.45 «КОДЕКС ВОРА», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00 «ДАСТИШ ФАНТАСТИШ», Х/Ф. 17.45 ТАМАША. 18.30 ОЙНАІҚ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 11 қараша	Сейсенбі, 12 қараша	Сәрсенбі, 13 қараша	Бейсенбі, 14 қараша	Жұма, 15 қараша	Сенбі, 16 қараша	Жексенбі, 17 қараша
<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ ЕВРАЗИЯ</b>
06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.45 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ХУДШАЯ ПОДРУГА». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.10 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 04.15 ҮШҚАЛАК.	06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ХУДШАЯ ПОДРУГА». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.10 ҮШҚАЛАК.	КҮРМЕТТІ ТЕЛЕКӨРЕРМЕНДЕР! САФАТ 17:00-ГЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҮМЫСТАР ЖҮРТГІЗЛЕДІ. ҚОЛАЙСЫЗДЫМ ҮШІН КЕШІРІМ СҮРАЙМЫЗ. 17.00 QOSLIKE. 18.30, 02.00 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 19.00, 04.05 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «МОСТАЗ, ДЕЛО №10. МЕТРОНОМ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 04.30 ҮШҚАЛАК.	06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «МОСТАЗ, ДЕЛО №10. МЕТРОНОМ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 04.30 ҮШҚАЛАК.	06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҒАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ОДНА ТЕНЬ НА ДВОИХ». 02.30 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 ҮШҚАЛАК. 06.25 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 08.25, 03.50 ПӘУТІНА. 09.25 ҚАЙМАҚ. 10.00 ПОЕХАЛИ! 10.50 «ПРИТВОРИЩИК», Х/Ф. 13.00 «РЫС», Х/Ф. 17.00 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ». 19.00 KÖREMİZ. 20.00, 02.35 АСАУ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАН МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ВСЕ, ЧТО ЗАХОЧЕШЬ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.00 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 ҮШҚАЛАК. 06.10 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 08.05 ЗАН МЕН ЕЛ. 08.35 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.40 «КАФЕ НА САДОВОЙ», Х/Ф. 13.50 «ОБМАНЫ СЕБЯ», Х/Ф. 18.00 «АЛЕКСАНДРА И АЛЕША», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПРОДАЕТСЯ ДОМ С СОБАКОЙ», Х/Ф. 00.50 Т/С «РՈԳՆԻԱ». 02.20 «СИНЯЯ КНИГА», Х/Ф.

Жұрт әділ болмай,  
жұрт ісі оңға баспайды.  
Әлихан БӨКЕЙХАНОВ.



## ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»  
газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге 2025 жылдың  
бірінші  
жартыжылдығына  
жазылу нақуаны жүріп  
жатқанын хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық пошта  
және газет  
редакциясында жазылуға  
болатынын еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға  
жазылу бағасы -  
990 теңге.**

**Анықтама телефоны:  
пошта - 2-17-80.  
редакция - 2-21-35.**

## ЖАҢА ЖЫЛДА НЕШЕ КҮН ДЕМАЛАМЫЗ?

Биыл күнтізбе ауысатын Жаңа жыл мерекесі сейсенбі күніне түсіп тұр. Жаңа жыл жұмыс күніне тұспа-тұс келгендіктен мерекелік демалыс күндері ауыстырыла ма? Бұл сұраққа жауап бар.

2025 жылдың қаңтарындағы мерекелік демалыстар кестесі 5 күндік жұмыс аптасы үшін:  
30 және 31 желтоқсан (дүйсенбі, сейсенбі) – жұмыс күні;  
1 және 2 қаңтар (сәрсенбі, бейсенбі) – демалыс күні, Жаңа жыл;  
3 қаңтар (жұма) – жұмыс күні;  
4 және 5 қаңтар (сенбі, жексенбі) – демалыс күні;  
6 қаңтар (дүйсенбі) – жұмыс күні;  
7 қаңтар (сейсенбі) – демалыс күні, православие күнтізбесі бойынша Рождество.  
Ал алты күндік жұмыс аптасы үшін:  
30 және 31 желтоқсан (дүйсенбі, сейсенбі) – жұмыс күні;  
1 және 2 қаңтар (сәрсенбі, бейсенбі) – демалыс күні, Жаңа жыл;  
3 және 4 қаңтар (жұма, сенбі) – жұмыс күні;

5 қаңтар (жексенбі) – демалыс күні;  
6 қаңтар (дүйсенбі) – жұмыс күні;  
7 қаңтар (сейсенбі) – демалыс күні, православие күнтізбесі бойынша Рождество.  
Айта кетейік, ҚР Еңбек кодексінің 85 бабының 3 тармағына сәйкес, мереке күндері кезінде жұмыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында Үкімет демалыс күндерін басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы.



### БАС ОРЫН

## ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

СҚО ПД Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі орта, ортаарнайы және жоғары білімі бар 35 жасқа дейінгі үміткерлерді ішкі істер органдарына қызметке шақырады.



- Бастапқы оқыту (+тамақтану, тұру) және жұмыс берушінің есебінен біліктілікті арттыру;
  - Ақшалай сыйлықақылар;
  - Ведомстволық емдеу мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсету;
  - Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы;
  - ҚР ІІМ жоғары оқу орындарында тегін білім беру;
  - Тегін нұсанды киім-кешек;
  - Балаларды кезектен тыс мектеп-ке дейінгі білім беруге қабылдау;
  - 48 жасында зейнетке шығу;
  - Ақылы тағылымдама;
  - 18 жастан 35 жасқа дейін;
  - Әйелдер үшін бойынның биіктігі - 160 см, ерлер үшін 170 см кем емес;
  - Біліктілік талаптарына байланысты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар;
  - Жоғары білім болмаған жағдайда әскерде қызмет ету міндетті;
  - Физикалық дамыған;
  - Денсаулық жағдайы бойынша жарамды!
- СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 52 үй, 33 кабинет (Кадр және тәрбие жұмысы тобы).  
Байланыс телефоны: 8-775-367-37-93.
- Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.**

### EGOV.KZ ПОРТАЛЫ

## EGOV MOBILE-ҒА 5 ЖЫЛ: СМАРТФОНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР МЕН СЕРВИСТЕР

Жаңартылған eGov Mobile мобильді қосымшасы іске қосылғаннан бері бес жыл өтті. Бүгінде өрбір екінші қазақстандық eGov Mobile пайдаланушысы болып табылады, ол ай сайын 4 миллионға жуық пайдаланушыға мемлекеттік қызмет көрсетеді.

**eGov Mobile-ға 5 жыл:**  
смартфондағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен сервистер

**5 лет eGov Mobile:**  
государственные услуги и сервисы в смартфоне

Енді қосымшаның арқасында физикалық құжаттарды алып жүру қажеттілігі жойылды, өйткені «Цифрлық құжаттар» сервисі іске асырылғаннан бері қазақстандықтар өз құжаттарының цифрлық нұсқасын 13 миллионнан астам рет пайдаланды. Кейінірек азаматтарға ыңғайлы болу үшін бұл қызмет танымал банктік қосымшаларға біріктірілді.

Сонымен қатар, eGov Mobile технологиялық шешімдерінің бірі ЭЦҚ алу және QR-кодты қолдану арқылы құжаттарға қол қою мүмкіндігі болып табылады. Бүгінгі таңда қол қоюдан бұл әдісі шамамен 9 миллион рет қолданылды және бұл көрсеткіш сенімді түрде өсуде.

Бүгінгі таңда eGov Mobile мобильді қосымшасын App Store, Play Market және Huawei AppGallery қолданбалар дүкендерінен жүктеуге болады және iOS және Android мобилді құрылғыларында жұмыс істейді. iOS базасында eGov Mobile пайдаланушыларының саны 3,6 млн-нан астам, Android жүйесінде – 5,1 млн-нан астам және Huawei платформасында – 850 мыңнан астам пайдаланушы бар.

2024 жылдың шілде айында мобилді электрондық үкіметтің жаңа компоненті - eGov Business кәсіпкерлеріне арналған қосымша ұсынылды. Мобилді қосымшаның дамуының арқасында шағын және орта бизнес өкілдері өз смартфондары арқылы мемлекеттік қызметтер мен сервистерді оңай пайдалана алады. Мысалы, eGov Business қолданушылары бірнеше рет басу арқылы заңды тұлғаның бірінші басшысын тіркеп, ЭЦҚ шығаруға өтінім бере алады, QR код арқылы құжаттарға қол қоя алады және басқа да қызметтерді жүзеге асыра алады.

Бүгінгі таңда eGov Mobile мобильді қосымшасы - мемлекеттік органдардың сервисіне арналған алаң. eGov Mobile азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылының маңызды құралы болып табылады және пайдаланушылар тарапынан өсіп келе жатқан қызығушылық пен сенімді растайды. Алда әлі де көптеген инновациялар бар, ал АТ қолдамаcы өзінiң мақсаты – мемлекеттік қызметтерді өрбір қазақстандық үшін барынша қолжетімді және ыңғайлы етуге сенімді түрде жылжуға.

**Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА.**

## 2024 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін Таман ауылдық округінің әкімі қабылдайды. Мекен жайы: Таман - Ветер Гүлнар Хасенқызы әр ауылы, тел 5-28-90, 5-29-31. аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің ап-  
параты» KMM - 8(71531) 5-28-90, 5-29-31.

Директор - бас редактор Павел ГОНЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Сәттүтік Қалақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magzhan zhuldyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Севенный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуків іс-і, 5 үй), Тарапына - 555
---	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г кәулігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдастықтар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің міншілігіне айналмайды, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады